

## **№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК өткізілген «Әке мен болған сәттер...» бейне байқауының анықтамасы**

**«Әке мен болған сәттер...» бейне байқауы** — бұл балалар мен олардың әкелерінің арасындағы ерекше байланыстар мен бірлескен сәттерді паш етуге арналған шығармашылық конкурс. Байқау баланың әкесімен бірге өткізген естеліктері мен бақытты сәттерін бейнелеп көрсетуге мүмкіндік береді. Оның мақсаты — отбасының маңыздылығын, әке мен баланың қарым-қатынасын тереңірек түсінуге ықпал ету.

**Байқаудың негізгі мақсаттары мен міндеттері:**

**Әке мен бала арасындағы байланысты нығайту:** Әкелер мен балалардың өзара түсіністігі мен махаббатын көрсететін шығармашылық жұмыстарды бағалау. **Отбасылық құндылықтарды дәріптеу:** Әке мен баланың бір-

бірімен өткізетін уақытын құнды әрі маңызды деп түсіндіріп, отбасы құндылықтарын насихаттау. **Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту:** Бала өз ойларын, сезімдерін, әкесіне деген сүйіспеншілігін көркем бейнемазмұнда көрсете алады. **Әкелердің қоғамдағы рөлін көрсету:**

Әкелердің балалардың дамуына, тәрбиесіне және өмірдегі маңызды сәттеріне қандай үлес қосатынын көрсету.

**Байқау шарттары мен талаптары бойынша Бейнемазмұн:** Әр қатысушы әкесімен өткізген маңызды сәттерін бейнелеген видеоны ұсынды. Видеода әке мен баланың бірге уақыт өткізуі, ойнауы, жұмыс істеуі, немесе жай ғана әкесінің баласына деген қамқорлығын көрсетуге назар аударылды. **Ұзақтығы:**

Бейнемазмұнның ұзақтығы 2-5 минут аралығында болуы тиіс болатын, бірақ өте ұзақ видеоларда болды. Видеода отбасылық сәттер, сүйіспеншілік пен түсіністік көрініс тапты. Әр бейне өзінің ерекше тұжырымдамасы мен мазмұнымен ұсынылды. Тақырып, : «Біздің көңілді сәттер», «Әкеммен бірге саяхатта», «Менің әкем — менің қаһарманым» сияқты тақырыптар алынды..

**Қорытынды:**

**«Әке мен болған сәттер...» бейне байқауы** — бұл балалар мен әкелер арасындағы терең байланыс пен сүйіспеншілікті көрсеткен іс-шара. Байқау балалардың әкелеріне деген құрметін, сүйіспеншілігін және оларға деген алғысын бейнелейтін бірегей шығармашылық мүмкіндік болып табылады. Әке мен бала арасындағы қарым-қатынастың маңыздылығын насихаттау арқылы бұл байқау қоғамда отбасылық құндылықтардың дамуына ықпал етеді. Бір аптадан астам уақын видеолар сараланып ерекше талаптарға сай болған отбасылар марапатталып сыйлықтар берілді.

Әдіскер: Саттыкова А